

2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 15 сәуірдегі № 279-VIII ҚРЗ

2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы 2025 жылғы 26 маусымда жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ

Ресми емес аударма

2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға қатысушы мемлекеттер

Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында кәмелетке толмаған балаларға - алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын тануға өзара мүдделілікті негізге ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға (бұдан әрі - Конвенция) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Конвенцияның 6-бабының бірінші абзацы "азаматтық істер бойынша атқарушы жазбаларды, сот шешімдерін" деген сөздер "атқарушы жазбаларды, азаматтық істер бойынша сот шешімдерін, кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын (сот бұйрығы туралы ұйғарымдарды) (бұдан әрі - сот бұйрықтары)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Конвенцияның 54-бабы 1-тармағының "а" тармақшасы "(бұдан әрі - шешім)" деген сөздерден кейін ", сот бұйрықтарын" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Конвенцияның 56-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"56-бап. Шешімді, сот бұйрығын тану және орындау туралы өтінішхат

1. Шешімді, сот бұйрығын тану және орындау туралы өтінішхатты шешім, сот бұйрығы пайдасына шығарылған тарап шешім, сот бұйрығы орындалуға жататын Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотына береді. Ол іс бойынша бірінші сатыда

шешімді, сот бұйрығын шығарған сотқа да берілуі мүмкін. Осы сот өзінің шешімін, сот бұйрығын тану және орындау туралы өтінішхатты өтінішхат бойынша шешім шығаруға құзыретті сотқа жібереді.

2. Өтінішхатқа:

а) шешім, сот бұйрығы немесе олардың куәландырылған көшірмелері, сондай-ақ шешімнің, сот бұйрығының заңды күшіне енгені және орындалуға жататыны туралы немесе, егер бұл шешімнің, сот бұйрығының өзінен туындамаса, олар заңды күшіне енгенге дейін орындалуға жататыны туралы ресми құжат;

б) процеске қатыспаған, өзіне қарсы шешім шығарылған тараптың тиісті тәртіппен және уақтылы сотқа шақырылғаны, ал оның процестік әрекетке қабілетсіздігі жағдайында тиісті түрде өкілінің болғаны жөніндегі құжат; сот бұйрығы шығарылған жағдайда - аумағында сот бұйрығы шығарылған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес сот бұйрығының (оның көшірмесінің) борышкерге табыс етілгенін немесе жіберілгенін растайтын құжат (оның көшірмесі);

в) шешім, сот бұйрығы жөнелтілген кезде олардың ішінара орындалғанын растайтын құжат;

г) шарттық соттылық істер бойынша тараптардың келісімін растайтын құжат қоса беріледі.

3. Шешімді, сот бұйрығын тану және орындау туралы өтінішхаттың және оған қоса берілген құжаттардың сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың тіліне немесе орыс тіліне аудармасы куәландырылып қоса беріледі."

4. Конвенцияның 59-бабының "в" тармақшасы мынадай сөздермен толықтырылсын: "сот бұйрығы шығарылған жағдайда - аумағында сот бұйрығы шығарылған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес борышкерге сот бұйрығы (оның көшірмесі) табыс етілмесе немесе жіберілмесе;"

2-бап

Осы Хаттама ратификациялауға жатады және Конвенцияның 120-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді

Осы Хаттамаға ол күшіне енгеннен кейін барлық Уағдаласушы Тараптардың келісуімен басқа да мемлекеттер қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру арқылы қосыла алады. Депозитарий осындай қосылуға келісуі туралы соңғы хабарламаны алған күннен бастап 30 күн өткен соң қосылу күшіне енді деп саналады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің, Сыртқы істер министрлері кеңесінің және Экономикалық кеңесінің рәсімдері қағидалары 7-қағидасының 9-тармағында белгіленген тәртіппен орыс тілінде жасалды.

Әзербайжан Республикасы үшін

И. Алиев

2025 жылғы 26 маусым

Ресей Федерациясы үшін

В. Путин

2025 жылғы 13 мамыр

Армения Республикасы үшін

Н. Пашинян

2025 жылғы 13 мамыр

Тәжікстан Республикасы үшін

Э. Рахмон

2025 жылғы 22 мамыр

Беларусь Республикасы үшін

А. Лукашенко

2025 жылғы 16 мамыр

Қазақстан Республикасы үшін

Қ. Тоқаев

2025 жылғы 10 маусым

Қырғыз Республикасы үшін

С. Жапаров

2025 жылғы 12 мамыр

Өзбекстан Республикасы үшін

Ш. МирзиҰев

2025 жылғы 16 мамыр

Түрікменстан үшін

Украина үшін

Молдова Республикасы үшін

Бұл құжатпен 2002 жылғы 7 қазанда қабылданған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманың ілеспе нұсқасының шынайы көшірмесі екенін растаймын. Бұл Хаттама Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі және Экономикалық кеңесінің іс жүргізу ережесінің 7-ережесінің 9-тармағына сәйкес ұйымдастырылып, қол қойылған нәтижелер бойынша рәсімделген. Жоғарыда аталған Хаттаманың ТМД Мемлекет басшылары Кеңесінің мүшелері қол қойған түпнұсқа даналары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақтаулы.

*ТМД Бас хатшысының
бірінші орынбасары*

Петришенко И.В.

"2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Осымен 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер

енгізуге қатысты хаттаманың қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі тең түпнұсқалы мәтініне сәйкес келетінін растаймын.

*Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
Халықаралық құқық
департаментінің директоры*

А.Аткалиева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК